

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің тізбесі туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 243 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің тізбесі туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің тізбесі туралы келісім жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің тізбесі туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік (бұдан әрі - БЭК) құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

экономикалық ықпалдастықты тереңдетуге, өзара сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға ұмтыла отырып,

Тараптар мемлекеттерінің аумағында тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында,

БЭК құру жөніндегі үйлестірілген іс-шараларды жүзеге асыру қажеттігін растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің макроэкономикалық көрсеткіштерінің тізбесін және Тараптар мемлекеттерінің экономикаларын жақындастыру өлшемін сипаттайтын жекелеген индикаторлардың сандық мәндерін белгілейді.

2-бап

Макроэкономикалық көрсеткіштердің тізбесі Тараптар мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін көрсететін негізгі көрсеткіштерді қамтиды.

Тараптар мемлекеттерінің экономикалық даму деңгейін жақындастыру үшін, сондай-ақ БЭЖ құру жөніндегі үйлестірілген іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Тараптар макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесін қолдануға міндеттенеді.

3-бап

Макроэкономикалық көрсеткіштер тізбесі мынадай топтар бойынша қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы :

Тараптар мемлекеттерінің экономикалық даму деңгейінің көрсеткіштері;

Тараптар мемлекеттерінің экономикалық даму серпінінің көрсеткіштері;

Тараптар мемлекеттерінің экономикалық ықпалдасу көрсеткіштері.

4-бап

Егер осы Келісімге қол қойылған сәтте БЭЖ құру туралы келісімге қатысушы мемлекет осы Келісімде аталған қандай да бір макроэкономикалық көрсеткіштерді пайдаланбайтын болса, Тарап мемлекетінің уәкілетті органдары міндетті түрде оның мәнін есептейді және басқа Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарына аталған көрсеткіштің өлшеміне қатысты анықтамалық ақпарат береді.

5-бап

Тараптар мемлекеттері экономикалық даму деңгейін мынадай көрсеткіштер негізінде б а ғ а л а й д ы :

жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) (АҚШ доллары, орташа жылдық б а ғ а м б о й ы н ш а) ;

ЖІӨ-дегі негізгі капиталды жалпы жинақтау үлесі (%);

жұмыспен қамту қызметі органдарында тіркелген жұмыссыздар саны бойынша есептелген немесе Халықаралық еңбек ұйымының әдіснамасы бойынша есептелген (экономикалық белсенді халықтың %-ы) жұмыссыздық деңгейі;

банк секторының жиынтық активтерінің ЖІӨ-ге қатысы (%);

мемлекеттік бюджет профициті (тапшылығы "-") (ЖІӨ-ге %-бен);

мемлекеттік борыш, оның ішінде ішкі және сыртқы борыш (АҚШ долларымен және ЖІӨ-ге %-бен).

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің экономикалық даму серпіні мынадай көрсеткіштер негізінде бағаланады:

ЖІӨ-нің нақты көлемінің индексі (өткен жылға және базалық жылға %-бен);
негізгі капиталға инвестициялардың өсу қарқыны (өткен жылға %-бен, салыстырмалы бағалармен);

халық иелігіндегі нақты кірістер индексі (жылына %);
тұтыну бағаларының индексі (% , орташа жылдық және желтоқсан өткен жылғы желтоқсанға);

өндірушілер бағаларының индексі (% , орташа жылдық және желтоқсан өткен жылғы желтоқсанға);

ұлттық валютаның шетелдік валюталарға нақты тиімді айырбас бағамының индексі (жылына %);

ағымдағы операциялар шотының сальдосы (АҚШ долларымен).

7-бап

Тараптар мемлекеттерінің экономикалық ықпалдасу деңгейі мынадай көрсеткіштер негізінде бағаланады:

Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының елдің жалпы экспортындағы үлесі (%-бен);

Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының елдің жалпы импортындағы үлесі (%-бен);

елдің Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысымен сауда балансы теңгерімі (АҚШ долларымен);

Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының экономикасына бағытталған ұлттық инвестициялардың, оның ішінде тікелей инвестициялардың көлемі (АҚШ долларымен);

Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысынан ұлттық экономикаға түскен инвестициялардың, оның ішінде тікелей инвестициялардың көлемі (АҚШ долларымен).

8-бап

Тараптар мемлекеттерінің экономикалық көрсеткіштерін жақындастыру бірнеше кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде Тараптар экономикалық өсу серпінін, бағалар тұрақтылығын, мемлекеттік қаржы мен қаржы рыноктарының орнықтылығын сипаттайтын Тараптар мемлекеттерінің экономикалық дамуын жақындастыру өлшемін айқындайды.

Тараптар жақындастыру өлшемін сипаттайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің мынадай сандық мәндерін белгілейді:
нақты ЖІӨ-нің өсуі жылына кемінде 5%;

мемлекеттік бюджеттің жылдық тапшылығы ЖІӨ-нің 3%-ынан аспайды;
мемлекеттік сыртқы және ішкі борыш ЖІӨ-нің 60%-ынан аспайды;
инфляция деңгейі (тұтыну бағаларының индексі) екі Тарап мемлекеті үшін
бағалардың ең аз өсуімен орташа көрсеткіштің 5 пайыздық пунктiнен аспайды;
экономикаға ұзақ мерзімді кредиттер бойынша орташа өлшенген ставка екі Тарап
мемлекеті үшін бағалардың ең аз өсуімен орташа жылдық көрсеткіштің 3 пайыздық
п у н к т i н е н а с п а й д ы .

Тараптар үшін бұл көрсеткіштердің мәндерін сақтаудың ұсынымдық сипаты бар.
Экономикалар серпінділігінің еларалық салыстырмалығын қамтамасыз ету үшін
Тараптар макроэкономикалық көрсеткіштерді жақындастыру өлшемі ретінде
белгіленген қалыптастыру әдістемесін келіседі.

9-бап

Кейінгі кезеңдерде жақындастыру өлшемін сипаттайтын макроэкономикалық
көрсеткіштердің келісілген мәндері тиісті халықаралық акт қабылданған жағдайда
Тараптар мемлекеттерінің орындауы үшін міндетті болуы мүмкін.

10-бап

Келісілген макроэкономикалық көрсеткіштер, сондай-ақ олардың жақындастыру
өлшемін сипаттайтын мәндері сыртқы және ішкі факторлардың әсерін есепке ала
отырып, Тараптардың ұсынысы бойынша түзетілуі мүмкін.

11-бап

Тараптар мемлекеттерінің макроэкономикалық көрсеткіштерді жақындастырудың
осы Келісімнің 8-бабында белгіленген өлшеміне қол жеткізу жөніндегі қызметін келісу
үшін Тараптар іс-шаралар жоспарын әзірлеуге уағдаласты.

Жақындастыру өлшемінің белгіленген мәндеріне қол жеткізуді бақылау тәртібі БЭЖ
құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің макроэкономикалық көрсеткіштерін
жақындастыру жөніндегі шаралардың іске асырылуын бақылау туралы келісімде
айқындалған.

12-бап

Осы Келісімде Тараптардың мемлекеттері қатысушы болып табылатын үшінші
елдермен жасалған басқа халықаралық шарттардың ережелері қозғалмайды.

13-бап

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекет осы Келісімге қатысушы бола алады. Осы Келісімге қосылу шарттары Тараптар мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын келісімде айқындалады.

14-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда кез келген Тарап дауды БЭК шеңберіндегі дауларды шешу жөніндегі органға шешуге жібере алады.

16-бап

Осы Келісім қажетті мемлекетішілік рәсімдер жүргізілгеннен кейін, 2005 жылғы "___" _____ қаласында қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы хаттамада көзделген т ә р т і п п е н к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап депозитарийге жазбаша түрде тиісті хабарлама жібере отырып, өзінің осы Келісімге қатысуын тоқтата алады. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы депозитарий жазбаша хабарлама алған күннен бастап 12 ай өткен соң тоқтатылады.

Тараптардың бірі осы Келісімнен шыққан жағдайда, егер Тараптар өзгеше туралы уағдаласпаса, оның қолданылуы аталған Тарап осы Келісімнің қолданылу кезеңінде осы Тарап үшін туындаған қаржылық және өзге де міндеттемелерді толық реттегенге д е й і н ж а л ғ а с а д ы .

200__ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы депозитарийде сақталады. 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Біртұтас экономикалық кеңістіктің Комиссиясы құрылған және оған өкілеттік берілген сәтке дейін Қазақстан Республикасы Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық-құқықтық құжаттардың депозитарийі болып табылады.

Депозитарий Тараптардың әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жібереді

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*
Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

Қазақстан Республикасының

Украина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК